

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

П 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Кундузкаирова А.К.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты, Нұр-Сұлтан қ.
turdebekova91@mail.ru

Аннотация. В статье изучается вопрос профессиональной подготовки педагогов-психологов в системе дистанционного обучения. Нынешнее состояние образования в вузах ставит новые задачи по обеспечению статуса, профессиональной культуры студентов, его подготовки к педагогическому творчеству. Как показывает нынешний опыт, педагоги-психологи, окончившие вуз, должны организовать свое дело в соответствии с современными требованиями, а также иметь высокие профессиональные качества студентов, включая педагогическую, психологическую теоретическую подготовку. Особенностью современности является динамично меняющаяся окружающая среда. Происходящие изменения совершенно не похожи на те, что были в прошлом, что оказывают влияние на все уровни жизнедеятельности человечества.

Ключевые слова: дистанционное обучение, будущие педагоги-психологи, профессиональные качества, профессиональная подготовка, психолого-педагогическая диагностика.

Abstract. The article examines the issue of professional training of psychologists in the distance learning system. The current state of education in universities sets new tasks to ensure the status, professional culture of students, its preparation for pedagogical creativity. As the current experience shows, psychologists who graduated from the university must organize their business in accordance with modern requirements, as well as have high professional qualities of students, including pedagogical, psychological theoretical training. A feature of modernity is the dynamically changing environment. The changes taking place are completely different from those in the past, which affect all levels of human life.

Key words: distance learning, future teachers-psychologists, professional qualities, professional training, psychological and pedagogical diagnostics.

Жоғары оқу орындарында білім берудің қазіргі жағдайы студенттердің мәртебесін, кәсіби мәдениетін, оның педагогикалық шығармашылыққа даярлығын қамтамасыз етуде жаңаша міндеттер қойылып тұр. Қазіргі тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орнын бітірген педагог-психологтің өз ісін заман талабына сай ұйымдастыруы және сондай-ақ педагогикалық, психологиялық теориялық даярлығымен қоса, студенттердің кәсіби сапалары жоғары болуы тиіс.

Қазіргі заманның ерекшелігі қоршаған ортаның қарқынды өзгермелі болуында. Орын алып жатқан өзгерістер бұрын-соңды болғандарға мүлдем ұқсамайды, ол адамзаттың өмір сүру саласының барлық деңгейіне өз ықпалын тигізуде. Бұл өзгерістердің сипаты-үздіксіздік, үдемілік, жылдамдық және жаһандық. Әлемнің қай түкпірінде болса да, ауқымды желі болған жағдайда өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін, ізденуді қажет ететін ерекше жүйе «Қашықтан білім алу жүйесі» мүмкін болып отыр.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауда әсіресе, білім саласына ерекше көңіл бөлді. Қашықтан оқу кезінде сапалы білім берілуі қажеттілігіне баса назар аударды. Әр қазақстандық өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білуі, сонымен қатар заманға лайық шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар тұлға болып қалыптасуы ұстаз еңбегіне байланысты екендігін баса айтты [1].

Швед зерттеуші С.Холбергтің айтуынша, қашықтан оқытуда ең басты шарт негізінде білімалушылардың оқу материалдарын өзіндік жұмыстар үдерісінде қарастырылуы

қажет [2, 110б.]. Басқару, кеңес беру, оқыту, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, тексеру және білімді бағалау бұлардың бәрі кәсіби сапаны қалыптастыруда білімалушының өзіндік жұмысына қосымша қызметтер болып табылады.

Қашықтықтан оқыту -өздік білім алу тәсілі болғандықтан, қашықтықтан оқыту арқылы болашақ педагог психологтердің кәсіби сапаларын қалыптастыруға арналған оқу курстарын қамтамасыз етумен қатар, білімалушылар оқу орынан өзіне қажетті көмек алып отыру мүмкіндігіне ие болу керек. Қашықтықтан оқытуға қатысты оқыту материалдарына қойылатын негізгі талаптарға ақпаратты нақты және түсінікті етіп мазмұндау, оны игеру үшін анық бағыттар беру, материалды диалогтық формада жеткізу және т.б. жатады.

Біз зерттеуімізде жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық процесте студенттердің кәсіби даярлығын қарастырамыз. Болашақ педагог-психологтерді кәсіби даярлауда көптеген зерттейшілер оның негізгі үш аспектісін ерекшелейді: жеке тұлғалық мазмұндық және процессуалдық. Жеке тұлғалық аспект білімалушылардың жеке тұлғалығын жетілдірумен, мазмұндық аспектісі білімалушыларға берілетін білімнің мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізумен, ал процессуалдық аспектісі білімалушылардың өзін реттеу білуі, алған білімін тәжірибеде пайдалану іскерлігіне байланысты.

Н.Д.Хмель «Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориялық негіздері» атты еңбегінде «Кәсіби даярлау процесінде маманның міндеттеріне сәйкес, нені білу тиіс екенін, ол білімді өзінің кәсіби іс-әрекетінде қалай қолданатындығы, оның алғын білімі мен іскерлігі жоғары нәтиже беру үшін қандай кәсіби сапаларды меңгеруі тиіс екенін анықтауға байланысты міндеттер шешіледі» [3]. Осыған сәйкес болашақ педагог-психологтің кәсіби сапаларын қалыптастыру мәселесі жоғары оқу орындардағы біртұтас педагогикалық процесті кешенді қарастырылуы тиіс. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби сапалары арнайы жұмыстар барысында қалыптасады. Әдетте мұндай жұмыстардың көздері қашықтықтан оқытуда қолданылатын көптеген сабақ түрлерінде болады.

Оқу және ғылыми ақпараттардың қарқынды дамуына байланысты болашақ мамандардың ізденімпаздығы мен белсенділігін арттыруға әсер ететін оқу үдерісінің жаңа түрлері мен оларды ұйымдастыру жолдары ретінде жеке дара оқыту қолданылуда. Ал мұндай оқыту түріне компьютерлік технология негізінде ұйымдастыру арқылы болатыны анық. Жеке дара оқытудың ғылыми мәселесі, оның мақсаты мен ерекшеліктерін педагогикалық-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, білімалушының даму деңгейіне сәйкес болғанда ғана дамытатын оқыту болады. Қашықтықтан оқыту арқылы тиімді оқыту жүзеге асу үшін оқыту әдістемесін телекоммуникациялық технологияны қолдану негізінде ақпараттарды жинау, өңдеу жаңалау, қолдану әрекеттеріне байланысты компьютерлік білімділігін арттырып, ақпараттылық мәдениеттілікті дамыту қажет.

Жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау мәселесі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты проблемаларының бірі болып табылады. Алайда, қашықтықтан оқытуды білім беру практикасына енгізе отырып, оқытушыларды педагогикалық қызметтің осы түріне даярлау өзекті мәселе болып отыр, өйткені әртүрлі қабілеттері мен қызығушылықтары бар адамдарды сапалы оқыту, студенттердің жеке ерекшеліктерін, сонымен қатар, қашықтықтан оқытудың ерекшелігін тек кәсіби маман ғана іске асыра алады.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз- ақпараттық, компьютерлік телекоммуникациялық құралдар көмегімен ғылыми тұрғыда негізделген тәсілдер арқылы білім беру түрі. Әдеби дереккөздердегі терминологияға әртүрлі көзқарастарға қарамастан, сондай-ақ қашықтықтан оқыту процесіне қосымша қашықтықтан оқыту қатысушыларын енгізу қажеттілігіне оқыту (қашықтықтан оқыту оқытушысы) және білім алушы қалады, дегенмен педагог-психологтер тартылады. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқитын студенттің алған білімі, оның ішкі дүниесі мен ақыл-ойының дамуына, кәсіби сапаларының дамуына әсерін тигізеді.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби сапаларын қалыптастыруда оқыту маңыздылығына И.Я.Лернер оқытудың дидактикалық әдістерінің бес түрін: ақпаратты-рецептивті; репродуктивті; проблемалық; эвристикалық шығармашылық деп көрсетті [4, 186-

188б.]. Қашықтықтан оқыту жүйесінде ақпараттық технология қолданылған кез келген тәсіл И.Я.Лернердің анықтаған бес әдістің бірінің құрамына күретінін байқадық. Оқыту тәсілдерінің ішінен қашықтықтан оқытуда пайдаланылатын түрлері: демонстрация, түсіндіру, әңгімелесу, тапсырмаларды орындау, қайталау, жазба жұмыстары.

Педагог-психологтің кәсіби сапалары жас ұрпақты өмір кәсіби қызметке қалыптастырудың маңызды кезеңі. Педагог-психологтің кәсіби сапасы танымдық қызығушылық пен қажеттілікті туғызуға бағытталған оқу әрекетінің түрі болып табылады. Кәсіби сапаларының қалыптасуын негізінде болашақ педагог психологтердің белсенді ойлау әрекеті мен шығармашылық ойлау үдерісін дамытумен қатар студенттердің кәсіби мідениеті мен ізденімпаздығын дамытады.

Болашақ мамандардың кәсіби сапаларын қалыптастыру мәселелерін зерттеген ғалымдар К.А.Абулханова-Славская [5], Б.Г.Ананьев [6] (тұлғаның бағыттылығы мен белсенділіктің даралануы аспектісінде), А.Г.Асмолов [7], Л.С.Выготский [8], Ю.Б.Гиппенрейтер [9] (жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үдерісіндегі қызметтің шешуші рөлі тұрғысынан), А.А.Деркач [10], Н.В.Кузьмина [11] (жеке және кәсіби дамудағы акме жетістігіне байланысты), Н.С.Глуханок [12], Е.А.Климов [13] (жеке тұлғаның көзқарасы бойынша дамыту, кәсіби қызметтің тиімділігін арттыру) және т.б.

Б.Т.Кенжебекова ұсынған анықтамасында, құзыреттілік-маманның теориялық білім мен тәжірибелік білігін белгілі бір міндеттер арқылы орындау қабілеті деп түсіндірді. Ал «қабілет» ұғымы істей білу, белгілі бір істі жасай алу мағынасында қолданылады [14]. Қашықтықтан оқыту жағдайында жұмыс істей отырып, педагог-психолог бірнеше мәселелерге ат салыспақ: жеке тұлғаны дамытуды жобалау; педагогикалық қызметті жобалау; жеке тұлғаның психологиялық портретін түзу; өмірлік жолы мен кәсіби мансабын таңдауда қолдау көрсету.

Педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттеріне: интеллектуалдық (білім алу қабілеті, тың ақыл-ойдың қисындылығы мен тиімділігі, рефлексивтілігі), әлеуметтену (эмпатия, әлеуметтік қарым-қатынас және әлеуметтік мақұлдау қажеттілігі, коммуникабельділігі) жатады.

Педагог-психолог өзінің жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін, кемшіліктерін, мүмкіндіктерін, күшті және әлсіз жақтарын, кемшіліктерді өтеу тәсілдерін білуі тиіс. Ол өзінің эмоционалдық жағдайын реттей білуі, өзінің психологиялық функцияларын жұмылдыра білуі қажетті. Сондай-ақ әлеуметтік, оқу және кәсіби ақпаратты іздеу және талдауды жүзеге асыруы тиіс.

Педагог-психологтың тиімді кәсіби қызметінің шарттарына келесілерді жатқызуға болады:

1. Жеке бастаудың басымдылығы (технология өзін-өзі көрсету құралы ретінде қарастырылады);

2. Тәрбие-білім беру үрдісінің барлық жақтары мен бағыттарына толыққанды дидактикалық ықпал етуді ұйымдастыру,

3. Диалог ретінде психологиялық ұсыныстарды меңгеру бойынша ынтымақтастық деңгейінде тәрбие-білім беру процесінің барлық субъектілерінің психологиялық өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы диалог және рефлексивтілік;

4. Психологиядағы жаңа үрдістерді игерудегі және қарым-қатынас технологияларын мақсатты игерудегі проблематизация және шығармашылық [15, 162 б.].

Білімалушылардың жұмыс барысында педагог-психолог олардың жас және типологиялық ерекшеліктері туралы білуі, онтогенездегі тұлғаның даму динамикасы, тәрбие мен дамудың сәйкестігі, білім алу мен оқытудың өзара әрекеті туралы түсініктері болуы қажет. Ол білімалушылардың дамуында, мінез-құлқында, іскерлігінде және қарым-қатынасында ауытқушылыққа тап болады, оларды тану үшін педагог-психолог аталған процестер мен құбылыстардың шығу психологиясын білуі тиіс.

Психологиялық қызметтің пайда болуы байланысты «психологиялық-педагогикалық диагностика» термині белсенді қолданыла бастады: (жекелеген білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі қандай да бір проблемалардың психологиялық себептерін, қиындықтарды, олардың мүдделері мен қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін анықтау бойынша қызмет және т.б.). Бұл ретте білім алушыларды диагностикалау психологиялық өзіндік мақсат болып табылмайды. Басты мақсат - баланың психикалық денсаулығының дұрыс дамуы немесе осы дамуды түзету бойынша ұсыныстар әзірлеу. «Психологиялық-педагогикалық диагностика» жаңа терминінің пайда болуы, біріншіден, диагностиканың екі аспектісі жалпы зерттеу объектілерімен (оқушы, мұғалім) байланысты; екіншіден, оларды зерттеудің жалпы әдістері де біріктіреді. Сонымен психологиялық және педагогикалық диагностиканың салыстырмалы сипаттамасы кестеде берілген бірқатар белгілерге ие.

Психологиялық және педагогикалық диагностиканың салыстырмалы сипаттамасы

Сипаттамасы	Міндеттер	Әдістер	Қызмет аспектілері
Психологиялық диагностика	Адамдардың жекепсихологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат жинау.	Стандартталған өлшеу, тестілеу, сараптамалық (жобалық), оқу қызметінің нәтижелерін талдау.	Салыстыру; талдау; болжау; түсіндіру; Диагностика нәтижелерін мәлімет жеткізу.
Педагогикалық диагностика	- Жеке оқыту процесін оңтайландыру; - Оқыту нәтижелерін дұрыс анықтауды қамтамасыз ету; - оқушыларды бір оқу тобынан екіншісіне ауыстыру кезінде ең аз қателерді жинақтау.	Бақылау, шкалалау, тестілеу, сұрау, оқу қызметінің нәтижелерін талдау.	Салыстыру; талдау; болжау; интерпретация; диагностиканың нәтижелерін мәліметке жеткізу, оқушыға түрлі диагностикалық шаралардың әсерін бақылау, түзету бағдарламасын құру және ұсыныстар әзірлеу.

Педагог-психологтің функциялары өте ерекше деп айту қажет-ол адамның жеке тұлғасымен жұмыс істейді. Өз қызметінде ол әр түрлі жас ерекшеліктері, әлеуметтік және мәдени санаттағы адамдармен үнемі бетпе-бет келеді. Қашықтықтан оқыту жағдайында педагог-психолог сондай-ақ ұжымындағы тұлғааралық қарым-қатынасты зерделейді және адамгершілік, іскерлік және психологиялық қарым-қатынастарды жолға қоюға қамқорлық жасайды. Мұғалімдердің психологиялық - педагогикалық мәдениетін арттыруда, олардың кәсіби жетілуі, адамгершілік және кәсіби сана-сезімінің дамуында, өз қызметіне ерекше қызығушылық таныту қажет. Бұл үшін педагог-психологы мұғалімдермен үнемі жұмыс жасап, онлайн семинар ұйымдастырып, онда мұғалімдер жұмысының әртүрлі психологиялық - педагогикалық мәселелері талқылануы тиіс. Қашықтықтан оқыту барысында педагог-психолог мұғалімдерді жаңа психологиялық теориялармен және талқыланған мәселелер бойынша ережелермен таныстырады, мұғалімдерде туындайтын жеке мәселелер бойынша тренингтер мен онлайн кеңестер өткізеді.

Демек, педагог-психологтың жұмысындағы маңызды сәт өз ұстанымын анықтау және оны әрбір педагогке пән мұғаліміне жеткізу болып табылады. Оның негізгі міндеттері: педагогтерге, оқушыларға психологиялық қолдау үшін жағдай жасау; педагогке кәсіби және тұлғалық мәселелерді шешуде көмек көрсету, қажет болған жағдайда педагогтің эмоционалды шиеленіс мәселесін шешу; әкімшілікке, әдіскерлерге педагогті жұмысқа қабылдау, жұмыс топтарын қалыптастыру, жұмыстан босату кезінде ұсыныстар беру, яғни мекеменің кадр саясатына белсенді қатысу қажет. Оның міндеттері шеңберіне жеке тұлғамен

де, топтармен де қарым-қатынас кіреді. Осындай кең ауқымды міндеттер қашықтықтан оқыту жағдайында педагог-психологінің жеке тұлғаның ерекше қоймасы мен оның практикалық қызметін табысты іске асыру үшін қажетті қасиеттерді көрсетуді талап етеді.

Әдебиеттер

1. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. Holberg C. Knowledge societies /Stockholm: Utbildningsdep.,1998. 110 с
3. Хмель Н.Д. «Теоретические основы профессиональной подготовки учителя» автореферат, -Киев 1986г.
4. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения М.: Педагогика, 1981. - 186 с.
5. Абулханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. –М.: Наука, 1980. –334 с.
6. Ананьев Б.Г. Избр. Психол. Труды Т.2 14 с.
7. Асмолов А.Г. Культурно-историческая психология и конструирование миров. М.- Воронеж, 1996
8. Выготский Л.С. Исторический смысл психологического кризиса// Собр. соч., т. 1.- М., 1982 (или любое другое издание).
9. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. М., 1996.
10. Деркач А.А. Акмеология: личностное и профессиональное развитие человека. М., РАГС, 1999-2002.
11. Кузьмина Н.В. Одаренность педагогов как фактор развития способностей учащихся // Проблемы способностей в советской психологии. –М., 1984. с167-174.
12. Глуханюк Н.С. Психологические основы развития педагога как субъекта профессионализации автореферат 2003 г.
13. Климов Е.А. Введение в психологию. Пособие для самообразования работников службы занятости. - М.: Изд-е Моск. ун-та, 1992.
14. Кенжебеков Б. Т., Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастыру [Мәтiн]: /педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесiн алу үшiн дайындалған диссертацияның авторефераты
15. Князев В.Н. Психологические особенности понимания личности значимого другого как субъекта общения: Дис. ... канд.психол. наук. Москва. 1981.-162с

МУҒАЛІМНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қиюбек Бақытнұр Жадетқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

jadetov nab@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Бахтиярова Гульшат Рахметжановна**

Аннотация. В этой статье рассматривается как личные отношения индивидуума, так и профессиональные отношения учителя. Изучены взгляды философов, культурологов, психологов и педагогов, отражены взгляды просветителей ученых. Особое внимание автором было обращено на нравственные ценности учителя и уровню развития навыков говорения, чтения, письма и аудирования. Благодаря наличию отношений люди живут и действуют в реальных связях, отношениях друг с другом. Общение будет самостоятельной ценностью, являясь кардинальным человеческим спросом. Общение является важным фактором формирования личности. Она обеспечивает регулирование поведения человека,